

Mi Smart Scale 2 таразысы


Пайдаланушы нұсқаулығы



Бұл құрылғы дене салмағын анықтауға арналған.

Батареяларды орнату

Жапсырмасын алып, батарея бөлімінің қақпағын ашыңыз, содан кейін үш AAA түріндегі 1,5 В батареяны суретте көрсетілгендей салыңыз.



Қолданбаны орнату

Mi Fit қолданбасының соңғы нұсқасын жүктеу және орнату үшін QR кодын сканерлеңіз немесе оны Google Play, App Store немесе басқа қолданбалар дүкенінен тауып алыңыз.



1

Таразыны жұптау

Mi Fit қолданбасын ашып, Mi есептік жазбаңызға кіріңіз, содан кейін таразыны есептік жазбаңызбен жұптаңыз және экрандағы нұсқауларға сәйкес жеке мәліметтеріңізді енгізіңіз. Таразыны жұптағаннан кейін сіз өлшеу нәтижелері мен талдау көрсеткіштерін Mi Fit және Mi Home қолданбаларында көре аласыз. Жеке деректер салмақты талдау үшін қолданылады. Дәл нәтижелер алу үшін оларды дұрыс енгізіңіз.

Адамдарды өлшеу

Таразыны қатты тегіс еденге орналастырыңыз. Суретте көрсетілген позицияны алыңыз, таразының ортасына екі аяғыңызбен нық тұрыңыз. Нәтижелерді жыпылықтауы өлшеу аяқталғанын және талдау көрсеткіштерін ұялы телефоныңыздан көруге болатынын білдіреді.



Осы таразы көрсететін талдау көрсеткіштері тек анықтамалық сипатқа ие және медициналық ұсыныстар болып есептелмейді.

2



Заттарды өлшеу

Таразыны қатты тегіс бетке орналастырыңыз. Оларды қосу үшін таразыны басыңыз. Дисплейде «0.00» жазуы пайда болғанын күтіп, таразыға өлшенетін затты қойыңыз. Таразыны тасымалдау немесе оны соғу дәлдікке әсер етуі мүмкін. Бұл жағдайда өлшеудің дәл болуын қамтамасыз ету үшін затты қайта өлшеңіз.

Ескерту белгілері

Өлшеу кезінде жыпылықтайтын «L» әрпі батарея зарядының төмендігін көрсетеді. Батареяларды мүмкіндігінше тез ауыстыру керек.

Өлшеу кезінде «OL» әріптерінің жыпылықтауы таразының шамадан тыс жүктелгенін білдіреді (максималды рұқсат етілген салмақ - 150 кг).



Масса бірлігін таңдау

Әдепкі бойынша таразы килограммда (кг) есептейді. Mi Fit қолданбасындағы құрылғы параметрлерін пайдаланып өлшем бірлігін өзгерте аласыз. Таразы массаны килограмм (кг), фунт бірлігінде көрсете алады.

3

Сақтық шаралары

- Осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны құрылғымен әрі қарай жұмыс істеуде анықтамалық материал ретінде қолданыңыз.
- Сырғып кетпес үшін таразыны тайғақ еденге қоймаңыз немесе аяғыңыз немесе құрылғының өзі суланған болса, оны қолданбаңыз.
- Өлшеу кезінде таразы аударылып кетпеуі үшін, әр уақытта оның орталығына тұрыңыз.
- Таразыны тек құрғақ жерде қолданыңыз және суға батырмаңыз.
- Таразы бетін жұмсақ жуғыш зат ерітіндісіне малынған шүберекпен сүртіңіз. Органикалық еріткіштерді немесе басқа химиялық заттарды қолданбаңыз.
- Қолданылған батареяларды ағып кетуден және тоттанудан сақтау үшін дереу алып тастаңыз.
- Кардиостимуляторы немесе басқа имплантацияланған медициналық құрылғылары бар адамдарға бұл таразыны пайдалану ұсынылмайды. Композициялық дене құрамы туралы мәліметтердің дәлдігі кәсіби спортшылар, жүкті әйелдер және ерекше медициналық көрсеткіштері бар адамдар үшін әр түрлі болуы мүмкін.
- Mi Fit қолданбасының көмегімен бір аяқта тепе-теңдік функциясын қолдануға болады. Ол үшін таразыда бір аяқпен тұрып, көзіңізді жұмыңыз. Тепе-теңдікті жоғалтсаңыз, құлап қалмас үшін көзіңізді ашып, тік тұрыңыз. Тепе-теңдік қабілеті бұзылған (соның ішінде балалар, қарттар және жүкті әйелдер) немесе басқа да физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдар бұл мүмкіндікті сақтықпен қолдануы керек.

4

Техникалық сипаттамалары

Атауы: Mi Smart Scale 2.
Моделі: XMTZC04HM.
Өлшемдері: 280 × 280 × 22 мм.
Таза салмағы: 1,2 кг.
Салмақ ауқымы: 100 г – 150 кг.
Салмақ бірлігі: кг / фунт.
Аралық: 0,1 кг / фунт.
Корпус материалы: шыңдалған шыны, инженерлік пластик.
Сымсыз байланыс: Bluetooth 5.0.
Жұмыс температурасы: 0 °C...40 °C аралығы.
Қуат көзі: AAA батареялары, 1,5 В (3 дн.).
Жиілік: 2402–2480 МГц.
Ең жоғары шығыс қуаты: 4 дБм.
Үйлесімділік: Android 4.4 немесе iOS 9.0 (iPhone 5S және одан кейінгі модельдерінде) және одан кейінгі нұсқалары, Bluetooth 4.0 және одан кейінгі нұсқалары.

5

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және көдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғының сақталуы өндірушінің және тұтынушының жылытылатын тұрғын-жайларында өндірушінің қаптамасында 5 °C ... 40 °C аралығындағы температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны көдеге жаратыңыз.
- Бұл бұйымды көдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс көдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорынан алуға болады.

6

Кепілді қызмет көрсету шарттары

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімінде құрылғының ақаусыз жұмыс істеуіне және жинау кезінде оның материалында ақаулар жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және ол тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен, кепілдік мерзімі ішінде өкілетті сервис орталықтарының аумағында тұтынушының кінәсізден істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда: <http://www.dns-shop.ru/technical-support/>.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Аньхуэй Хуами Информейшн Тэкнолоджи Ко., Лтд.
1201-бөлме, А4 ғимараты, Нэйшнл Анимэйшн Индастри Бэйз, батыс шоссе Ванцзян 800, Гаосинь ауд., Хэфэй, Аньхуэй, Қытай.
Қытайда жасалған.
Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нур-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.
Импортер / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

ТМ: Mi.
Өнім сипаттамалыры мен өнім туралы ақпарат пайдаланушыға хабарланбай өзгертілуі мүмкін.
Тауардың өндірілген күні, қызмет ету және кепілдік мерзімі қаптамада көрсетілген. v.1